



Redmi

by Xiaomi



Redmi Note 10T
Қысқаша нұсқаулық





Дыбыс
деңгейінің
батырмалары

Қуаттау
батырмасы

USB порты Type-C



Redmi Note 10T таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз

Құрылғыны қосу үшін, қуаттау батырмасын басып, ұстап тұрыңыз. Құрылғыны баптау үшін экрандағы нұсқаулықтарды орындаңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін біздің ресми веб-сайтымызға кіріңіз: <https://www.mi.com/ru/service/support/userguide.html>

MIUI

Redmi Note 10T алдын ала орнатылған MIUI ОЖ-мен — Android негізінде бапталатын біздің ОЖ-мен жабдықталған. Ол жиі жаңартуларды қарастырады және әзірленуі кезінде бүкіл әлем бойынша 200 миллионнан астам белсенді пайдаланушылардың ұсыныстары ескерілген игерілуі оңай функцияларды қамтиды. Қосымша мәліметті ru.miui.com сайтынан қараңыз

SIM-карта тартпасы:



Екі SIM-картаны сүйемелдеу туралы:

- 4G екі SIM-картасын сүйемелдеу жергілікті операторлардың мобильді байланыс стандарттарына тәуелді және барлық аймақтарда қолжетімді болмауы мүмкін.
- Екі Nano-SIM карталарын пайдалануды сүйемелдейді. SIM-карталарға арналған екі слотты пайдаланған кезде олардың кез келгенін негізгі ретінде таңдауға болады.
- VoLTE тек кейбір аймақтардағы байланыс операторларымен сүйемелденеді.
- Желінің өнімділігін оңтайландыру үшін жүйе автоматты түрде жаңартылады. Құрылғыда пайдаланылатын жүйенің нұсқасын нақты анықтап, көбірек білуге болады.
- SIM-картаға арналған слотқа стандартты емес SIM-карталарды салмаңыз. Олар SIM-картаға арналған слотты зақымдауы мүмкін.
- **ЕСКЕРТУ:** Құрылғыны бөлшектемеңіз.

Электр және электрондық жабдықтың қалдықтары



Бұйымды қауіпсіз кәдеге жаратуды қамтамасыз ету үшін ерекше сақтық шараларын орындау керек. Бұл таңбалау осы бұйымды ЕО аумағында басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға болмайтынын білдіреді.

Қалдықтарды дұрыс емес тастаудан орын алатын қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына зиян келтірудің алдын алу және материалдық ресурстарды қауіпсіз қайта пайдалануға ықпал ету үшін құрылғыны жауаптылықпен кәдеге жаратыңыз.





Жұмыс істеуін тоқтатқан құрылғыны қауіпсіз қайта өңдеу үшін оны электрониканы қабылдау орындарына немесе ол бастапқыда сатып алынған бөлшек сауда дүкеніне тапсырыңыз.

Қоршаған ортаға қатысты декларациямен төмендегі сілтеме бойынша танысуға болады: www.mi.com/en/about/environment

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

АККУМУЛЯТОРДЫҢ ДҰРЫС ЕМЕС ҮЛГІСІН ПАЙДАЛАНУ ЖАРЫЛЫСҚА ӘКЕЛУІ МҮМКІН.

ЖҰМЫС ІСТЕУІН ТОҚТАТҚАН АККУМУЛЯТОРЛАРДЫ НҰСҚАУЛЫҚТАРҒА СӘЙКЕС КӨДЕГЕ ЖАРАТЫҢЫЗ.



Есту қабілетіне зиян келтірмеу үшін ұзақ уақыт бойы дыбысты жоғары деңгейде тыңдау ұсынылмайды.

Қауіпсіздік техникасы мен сақтық шаралары туралы қосымша ақпарат мына сілтеме бойынша қолжетімді: www.mi.com/en/certification

Қауіпсіздік техникасы туралы маңызды ақпарат

Құрылғыны пайдаланбас бұрын қауіпсіздік техникасы туралы барлық мәліметпен танысыңыз.

- Бөгде кабельдерді, қуаттау адаптерлерін немесе аккумуляторларды пайдалану өртке, жарылысқа немесе басқа қауіпті жағдайларға әкелуі мүмкін.
- Сіздің құрылғыңызбен үйлесімді, рұқсат етілген аксессуарларды ғана пайдаланыңыз.
- Құрылғының жұмыс температураларының диапазоны 0 °C бастап 40 °C дейін құрайды. Телефонды осы температуралық диапазоннан тыс қолдану құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Егер құрылғы кіріктірілген аккумулятормен жабдықталса, аккумуляторды немесе құрылғыны зақымдамау үшін, оны өзіңіз ауыстыруға тырыспаңыз.
- Құрылғыны тек қоса берілген немесе рұқсат етілген кабель мен қуаттау адаптері арқылы зарядтаңыз. Басқа адаптерлерді пайдалану өртке, электр тогының соғуына және құрылғы мен адаптердің зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Зарядтау аяқталғаннан кейін адаптерді құрылғыдан ажыратып, оны розеткадан алыңыз. Құрылғыны 12 сағаттан артық зарядтамаңыз.
- Аккумуляторларды тұрмыстық қалдықтардан бөлек қайта өңдеу немесе кәдеге жарату керек. Аккумуляторды дұрыс емес қолдану өртке немесе жарылысқа әкелуі мүмкін. Құрылғыны, сондай-ақ оның аккумуляторы мен аксессуарларын кәдеге жаратуды немесе қайта өңдеуді жергілікті заңдарға сәйкес орындау қажет.
- Аккумуляторды бөлшектеуге, бұзуға, жаншуға және жағуға тыйым салынады. Егер сіз аккумулятор бүлінгенін немесе зақымдалғанын анықтасаңыз, дереу оны пайдалануды тоқтатыңыз.
 - Аккумулятормен қысқа тұйықталу тізбегін жасауға тыйым салынған, себебі ол артық қызу, күйіп қалу немесе басқа жарақаттардың себебіне айналуы мүмкін.
 - Аккумуляторды қоршаған ортаның температурасы жоғары жерлерінде қалдыруға тыйым салынған.
 - Қызып кету жарылысқа әкелуі мүмкін.
 - Аккумуляторды бөлшектеуге, бұзуға және жаншуға тыйым салынған, себебі ол аккумулятордың электролитінің ағып кетуінің, оның қызып кетуінің немесе жарылыстың себебіне айналуы мүмкін.
 - Аккумуляторды жағуға тыйым салынған, өйткені ол өрттің немесе жарылыстың себебіне айналуы мүмкін.





- Егер сіз аккумулятор бүлінгенін немесе зақымдалғанын анықтасаңыз, дереу оны пайдалануды тоқтатыңыз.
- Пайдаланушыға аккумуляторды өз бетінше алып тастауға немесе ауыстыруға тыйым салынады. Аккумуляторды алып тастау немесе жөндеу тек авторландырылған сервистік орталықпен жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғын суламаңыз.
- Құрылғыны өзіңіз жөндеуге тырыспаңыз. Егер құрылғының қандай да бір компоненті тиісті түрде жұмыс істемесе, Мі клиенттерге қолдау көрсету қызметіне немесе авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.
- Басқа құрылғыларды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес қосыңыз. Бұл телефонға үйлеспейтін құрылғыларды қоспаңыз.
- Айнымалы ток адаптерлерін пайдаланған кезде штепсельді розетканы жабдықтың жанында орналастырып, оған еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету керек.



Сақтық шаралары

- Белгілі бір жағдайлар мен орындарда мобильді телефондарды пайдалануды шектейтін қолданылатын заңнама талаптары мен ережелерімен танысыңыз.
- Телефонды жанармай құю станцияларында, әлеуетті жарылыс қауіпті ортада, оның ішінде жанармай құю алаңдары, кемелердегі жабық үй-жайлар, отын немесе химикаттарға арналған қоймалар немесе оларды тасымалдауға арналған көлік құралдары, ауа химикаттармен немесе құмның, шаңның немесе металл ұнтақтардың өте ұсақ бөлшектерімен қаныққан болуы мүмкін жерлерде пайдаланбаңыз. Сымсыз құрылғыларды (телефонды немесе басқа радиожабдықты) пайдалануға тыйым салатын барлық белгілердің ұйғарымдарын орындаңыз. ықтимал кедергілерге жол бермеу үшін жарылыс жұмыстары жүргізілетін жерлерде, сондай-ақ рацияларды немесе электрондық құрылғыларды пайдалануға тыйым салатын белгілер орналастырылған жерлерде мобильді телефонды немесе сымсыз құрылғыны сөндіріңіз.
- Ауруханалардың операция жасау блоктарында, шұғыл көмек пункттерінде және қарқынды терапия бөлімшелерінде мобильді телефонды қолданбаңыз. Ауруханалар мен медициналық орталықтарда барлық ережелер мен нормаларды сақтаңыз. Егер сіз дербес медициналық құрылғыны қолданатын болсаңыз, телефон сіздің құрылғыңыздың жұмысына кедергі келтірмейтінін анықтау үшін дәрігермен және бұйымды өндірушімен кеңесіңіз. Кардиостимулятордың жұмысындағы ықтимал кедергілерге жол бермеу үшін әрқашан мобильді телефон мен оның арасында 15 см минималды қашықтықты сақтаңыз. Ол үшін телефонды кардиостимулятор орналасқан жаққа қарама-қарсы құлаққа жақындату керек және оны төс қалтаға салып жүрмеу керек. Медициналық жабдықтың жұмысына кедергі келтірмеу үшін телефонды есту аппараттарының, кохлеар импланттарының және басқа осындай құрылғылардың маңында пайдаланбаңыз.
- Ұшақтың ішінде қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз және қажет болса телефонды өшіріңіз.
- Руль айдау кезінде телефонды жол қозғалысының тиісті заңдары мен ережелеріне сәйкес пайдаланыңыз.
- Жай соғуына жол бермеу үшін, нөсер кезінде телефонды далада қолданбаңыз.
- Телефон зарядталып жатқанда оны қоңырау шалу үшін қолданбаңыз.
- Телефонды ылғалдылығы жоғары жерлерде, мысалы жуыну бөлмесінде қолданбаңыз. Ол электр тогының соғуына, жарақаттарға, өртке немесе зарядтау құрылғысының зақымдалуына әкелуі мүмкін.





Қауіпсіздігі туралы мәлімдеме

Телефонның операциялық жүйесін бағдарламалық жасақтаманы жаңартудың кіріктірілген жүйесі арқылы немесе авторландырылған сервистік орталықтарда жаңартыңыз. Бағдарламалық жасақтаманы басқа тәсілмен жаңарту құрылғының зақымдалуына немесе деректердің жоғалтылуына, қауіпсіздіктің проблемаларына және басқа тәуекелдерге әкелуі мүмкін.

Электрондық затбелгі

Бұл құрылғының сертификатталуы туралы мәліметті қамтитын электрондық затбелгісі бар.

Оны көру үшін "Баптаулар > Телефон туралы > Сертификаттау" немесе "Баптаулар" таңдап, іздеу өрісінде "Сертификаттау" енгізіңіз.

Модель: M2103K19Y

"2103" таңбалауы өнім нарыққа 2021 жылдың наурыз айынан кейін шығатынын білдіреді.

Міндеттемелерден бас тарту

Осы пайдаланушы нұсқаулығы Xiaomi компаниясымен немесе оның жергілікті үлестес компаниясымен жарияланған. Xiaomi компаниясымен кез келген уақытта және ескертусіз осы пайдаланушы нұсқаулығына типографиялық қателерге, ағымдағы мәліметтің дәл еместігіне немесе бағдарламалар мен жабдықтың жақсартылуына байланысты өзгертулер немесе түзетулер енгізілуі мүмкін.

Осындай өзгертулер ағымдағы пайдаланушы нұсқаулығының жаңа баспаларына енгізіледі (толығырақ ақпаратты сілтеме бойынша қараңыз: <https://www.mi.com/ru/service/support/userguide.html>). Барлық суреттемелер тек қана көрсетілім үшін келтірілген және нақты құрылғыны дәл көрсетпейуі мүмкін.

Осы смартфон Corning® Gorilla® Glass 3 пайдаланумен әзірленген.

CORNING
Gorilla® Glass



Орнату, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір орнатуды немесе қосымша бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы орамада өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °C-тан 40 °C-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерде сақталуы керек. Үй-жайларда жемірілуді туғызатын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасу құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаңның, ластанудың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсер етуінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электронды жабдықты қабылдау орнына тапсыруға жатады. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және лайықсыз қолдану жағдайында қоршаған орта мен адамдардың денсаулығы үшін орын алуы мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығару бойынша кәсіпорыннан алуға болады.

Қосымша ақпарат

Дайындаушы: Сяоми Коммьюникейшнз Ко., Лтд.
#019, 9 қабат, 6 құрылыс, Си'эрци орталық өтпесі, 33 үй, Хайдянь ауданы,
Бейжің, Қытай.

Қытайда жасалған.

Импорттаушы: «Атлас» ЖШҚ.
690068, Ресей, Приморье өлкесі, Владивосток қаласы, 100-летие Владивостока
даңғылы, 155 үй, 3 корпус, 5 кеңсе.

Өндірушінің уәкілетті тұлғасы: "МИНТЕСТ" ЖШҚ.
119619, Ресей, Мәскеу қаласы, Чоботовская 1-я аллеясы, 23 «б» үй.

Тауар «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» 037/2016 ЕАЭО ТР Еуразиялық экономикалық одақ техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Смартфон — ұялы байланыс желілерінде жұмыс істеу үшін арналған және мобильді операциялық жүйенің басқаруымен жұмыс істейтін мобильді телефон түрі.

TM: Redmi.

Моделі: M2103K19Y.

Кепілдік мерзімі: 1 жыл.

Құрылғының қызмет ету мерзімі: өндірілген сәттен бастап 2 жыл.

Өндірілген күні орамасында көрсетілген.

